



# САРЬІЛАРҚА

21 қаңтар, бейсенбі  
2010 жыл

атындағы 1919-2010  
академик С.Бәйсеңбаев  
ғылым  
КІТАПЖАНАС

# САМАЛЫ



№ 6  
(14494)

ГАЗЕТ 1929 ЖЫЛҒЫ 15 АҚПАННАН ШЫҒАДЫ

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

# «Ертістің ерке Майрасы»

## осындай атпен әдеби-музыкалық кеш өтті

**Арқаның әнші Майрасы атанған павлодарлық жезтаңдай әнші, композитор Майра Шамсутдинованың туғанына биыл 120 жыл толады. Міне, осы мерейлі датаға орай облыстық Бұқар жырау атындағы әдбениет және өнер музейінің ұйымдастыруымен Ж.Аймауытов атындағы облыстық қазақ музыка драма театрында «Ертістің ерке Майрасы» деген атпен әдеби-музыкалық кеш өтті. Қазақтың өнер әлеміндегі жарқын жұлдыздарының бірі Майраның әнін тыңдап, шығармашылық өміріне қанық болғысы келетін жерлестеріміз, дәстүрлі әндерді нақышына келтіре орындайтын жергілікті өнерлі жастар жиылды.**

**М**азмұнды да маңызды кеш аталмыш театрда қойылған «Әнші Майра» атты музыкалық драмдан үзінді көрсетумен басталды. Әйгілі Майраның әсем әндерімен өрнектелген кеште оның шығармашылығы, өмірі сан қырынан әңгімеге арқау болды. 1890 жылы Павлодар қаласында дүниеге келген Майра - әкесі Уәли мен анасы Қатираның жалғыз қызы. Содан болар ерке өседі. Жасынан зерек, талантты Майра өнерге ерте ден қояды. Сөйтіп ата-анасы оған кішкентай кезінде сырнай сыйға тартады. 10 жасынан бастап, дәл осы сырнай Майраның жанынан бір елі қалдырмайтын өнердегі серігіне айналды. Сырнайды асынып алып, ел-жер аралап, жәрмеңкелерде тұрғындар көңілін көтереді. 14 жасында-ақ белгілі әнші атанды. Әнші Майраның дауысын, оның бойында өнерін ерекше деп танып, жоғары баға берген азаматтардың бірі - орыстың музыка зерттеуші ғалымы, музыка жинаушы, қазақ әндерін жинақтаған А.Затаевич. Ол кезінде Майраның өз аузынан 14 ән жавып алады. Оның 13-ін «Қазақтың 500 әні» жинағына, ал біреуін «Қазақтың 1000 әні» жинағына енгізеді. Сөйтіп Майраның сырнайдың сүйемелдеуімен ерекшеленіп тұратын шығармалары халқымыздың өн өнерінің тарихында өзіндік айрықша орынға ие болды.

Суретті түсірген Т.Нұрғазы.

Енді оны жастар арасында жақсы дәріптей алсақ болғаны, - дейді Қазақстан Республикасының өнер қайраткері, С.Торайғыров атындағы ПМУ-дің профессоры Ербол Айтбаев.

Музей директоры Роза Игібаева үстміздегі жылды мерейлі мереке Майраның 120 жылдық мерейтойына арналған әдеби-музыкалық кештен бастап отырғандарына қуанышты. Ол жергілікті әдебиет және өнер майталмандарының шығармашылығын жұртшылыққа паш ету - музейдің басты мақсаттарының бірі екенін айтты. Олар әсіресе жастарға насихаттау жағына

Естай, Майра әндеріне арналған «Ертіс әуендері» атты I республикалық дәстүрлі әншілер фестивалінің «Майра» атындағы 1 орын иегері Әсел Ботаева. Жас әнші бүгінде Майраның әндері шығармашылық өмірінде «телқұжаты» болып кеткенін айтады. Кеште Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Асан Әбдікәрімовтың өніне, Қ.Смағұловтың сөзіне жазылған «Ән еркесі - Майра» атты жаңа өн орындалды. Оны А.Әбдікәрімов сырнайдың сүйемелдеуімен шырқап берді.



- Майра - Арқаның Біржан сал, Ақан сері сынды арқалы да атақты әншілерінің ізін, тізбегін жалғастырушы. Кезінде қазақтың қыз балаларына ел аралап ән айтуға тыйым салынды. Міне, осы бұғауды бұзып шығып, өнерін елге көрсете білген Майра апамызды халқымыздың қайсар қызы деуге болады. Қазақ өнерінде есімі алтын әріппен жазылатын жерлесіміз деп мақтана аламыз.

көп көңіл бөлетіндерін жеткізді.

Ертістің Павлодар өңірінің көпке әйгілі перзенттері Естай Беркімбаев, Иса Байзақов, Байғабыл Жылқыбаев сияқты Майра қазақ, татар, орыс әндерін нақышына келтіре орындауымен қалың жұртшылықты сүйсінткен. Ол артына өшпес мұра - әсем әндерін қалдырды. Бүгінде Майраның әндерін орындауға жастар көп көңіл бөлуде. Солардың бірі - Жаяу Мұса,

Кеш Майраның әндерімен ажарлана түсті. Мұнда Ә.Ботаеваның, әртүрлі республикалық байқаулардың жеңімпазы М.Маналовтың, Асан Әбдікәрімовтың орындауында Майраның әні «Майра», «Толқыма», «Шіркін, Майра», «Кебісінің өкшесі айнала жез», «Юран» сынды әндері шырқалды.

**Г.МАҒЖАН.**  
Павлодар қаласы.